

- 11 Shabanova, A.A. Representation of the concept of vlast` / power in American and Russian linguocultures: abstract of thesis. Ulyanovsk, 2011. 22 p.
- 12 Lopareva, D., Kipenko, M. The concept of power in modern journalism: an axiological aspect. Lambert Academic Publishing, 2012. 168 p. (In Russ.)
- 13 Vasiliev, A.D. Verbalization of the concept of power in the linguistic consciousness of Krasnoyarsk residents. *Bulletin of the Krasnoyarsk State Pedagogical University named after V.P. Astafieva*. 2015; 2 (32): 207-213. (In Russ.)
- 14 Blakar, R.M. Language as an instrument of social power. *Language and modeling of social interaction*. Moscow, 1987. P. 88-120. (In Russ.)
- 15 Fairclough, N. *Language and Power*. London, 1989. 259 p.

#### NOTES

- 1 Florinsky, V.M. Primitive Slavs according to the monuments of their prehistoric life. The experience of Slavic archeology. Tomsk, 1898. Vol. I. P. 16. (In Russ.)
- 2 Krylov, G.A. Etymological dictionary of the Russian language. Saint Petersburg, 2005. P. 111. (In Russ.)
- 3 Goryaev, N.V. Comparative etymological dictionary of the Russian language. Tiflis, 1896. P. 403. (In Russ.)
- 4 Tsyganenko, G.P. Etymological dictionary of the Russian language. Kiev, 1989. P. 470. (In Russ.)
- 5 Semyonov, A.V. Etymological dictionary of the Russian language. Available at: <https://lexicography.online/etymology/ts/tsar> (accessed 02.07.2020). (In Russ.)
- 6 Preobrazhensky, A.G. Etymological dictionary of the Russian language. Moscow, 1910-1914. Vol. III. P. 43. (In Russ.)
- 7 Shaposhnikov, A.K. Etymological Dictionary of the Modern Russian Language. Moscow, 2016. Vol. II. P. 505. (In Russ.)
- 8 Chernykh, P. Ya. Historical and etymological dictionary of the modern Russian language. Moscow, 1999. Vol. II. P. 361-362. (In Russ.)
- 9 Uspensky, L.V. Etymological dictionary of the schoolchild. Available at: <https://lexicography.online/etymology/c/tsar>. (accessed 02.07.2020). (In Russ.)
- 10 Shansky, N.M. School etymological dictionary. Moscow, 2000. 399 p. Available at: <https://lexicography.online/etymology/ts/tsar> (accessed: 02.07.2020). (In Russ.)
- 11 Sreznevsky, I.I. Materials for the dictionary of the Old Russian language based on written monuments. St. Petersburg, 1893, Vol. III. Clm. 1433-1434; 1461-1462. (In Russ.)
- 12 Fasmer, M. Etymological dictionary of the Russian language. Moscow, 1987. Vol. IV. P. 290-291. (In Russ.)
- 13 Izyumov, M. Experience of the dictionary of the Russian language in comparison with the Indo-European languages. Saint Petersburg, 1880, Vol. 1. P. 228. (In Russ.)

Received: 04.03.2024

MFTAP 16.01.07

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss1pp86-99](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss1pp86-99)

**К.Б. Жумашева<sup>1</sup>, А.Т. Абужалитова<sup>2</sup>, М.К. Ажгалиев<sup>3</sup>, М.Е. Сапаргалиева<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, 090000, Қазақстан Республикасы

<sup>2</sup>Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, 050000, Қазақстан Республикасы

<sup>3</sup>Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, 090000, Қазақстан Республикасы

### **ГЕНДЕРЛІК ОППОЗИЦИЯНЫҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ЖҮЙЕДЕ КОНЦЕПТУАЛДЫ МЕТАФОРЛАР АРҚЫЛЫ МОДЕЛЬДЕНУІ**

*Тіл мен қарым-қатынас саласындағы қазіргі заманғы гендерлік зерттеулер жеке ғылыми бағыт ретінде гендерлік лингвистиканы қалыптастырды. Тіл мен гендердің өзара байланысын зерттейтін лингвистикалық зерттеулер мәдени-әлеуметтік қарым-қатынастар контексіндегі гендерлік категориялардың құрылымдануының тілдік*

*механизмдерін анықтауға мүмкіндік береді. Тілде гендердің құрылымдануының негізгі тәсілдерінің бірі – метафоралар.*

*Мақаланың мақсаты – әлемнің тілдік бейнесіндегі тұлғаның метафоралық аталымдары жүйесіндегі гендерлік оппозицияның маркерлену түрін анықтау. Қойылған мақсатты жүзеге асыру барысында метафора мәдениеттің базалық концептілерін қалыптастыру құралы, гендерлік қарама-қарсылықтарды белгілеу тетігі ретінде қарастырылады.*

*Зерттеу Дж. Лакофф және М. Джонсонның концептуалды метафора теориясына және З.И.Резанова мен О.В.Комиссарова ұсынған гендерлік оппозицияны модельдеудегі метафораны анықтау әдісіне сүйене отырып жүргізілген. Зерттеу нәтижесінде метафоралық модельдер аясында анықталған метафоралық ұқсастыру белгілері жинақталып, қазақ лингвомәдениетіндегі ерлер мен әйелдердің образды сипаттамасына қатысты белгілер жиынтығы анықталады. Осының негізінде әлемнің тілдік бейнесіндегі гендерлік маркерленген және гендерлік маркерленбеген адам образдары модельденіп, бұл образдардың ұқсастығы мен айырмашылығы, сипаты, бағыты анықталады, әлемнің тілдік бейнесінің бейнелі үзіндегі гендерлік қарама-қарсылықтардың (маскулиндік және фемининдік сипаттамалардың) мазмұндық ерекшелігі сипатталады. Алынған мәліметтерге сүйене отырып, метафоралар арқылы берілетін гендерлік маңызды белгілерді анықтауға болады.*

*Кілт сөздер: гендер, гендерлік лингвистика, гендерлік метафора, концептуалды метафора, гендерлік оппозиция, метафоралық модель.*

## НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Бүгінгі күні тіл біліміндегі антропоцентрик парадигма адамды тілдік тұрғыдан жан-жақты танып білуге бағытталған. Тіл адамзаттың дамуы мен жан-жақты жетілуіне әсер етеді. Ол адамның туа біткен қабілеті арқылы жеткен, тұлғаның тілдік ортадағы қарым-қатынасы барысында қалыптасқан жетістігі. Тіл тек денотативтік (таңбалық) сипатты құрал ғана емес, сонымен бірге коннотативтік құрал. Тілдің әлеуметтік қызметін дамыту – ХХІ ғасыр тіл білімінің бірден-бір сұранысы, уақыт уағызы. Кейінгі кездерде ғалымдар адамның биологиялық жынысынан гөрі әлеуметтік жыныс мәселелерін сөз етуге бет алды. Мәдениет аясында еркек пен әйелге тән қалыптасқан (еркектік, әйелдік) және тілде көрініс беретін мінезқұлық ерекшеліктерін біліп, түюдің мәні зор. Ол жыныс өкілдерінің қоғамдағы әлеуметтік орнымен белгіленеді [1, 6].

Тіл мен қарым-қатынас саласындағы қазіргі заманғы гендерлік зерттеулер жеке ғылыми бағыт ретінде лингвистикалық гендерологияны немесе гендерлік лингвистиканы қалыптастырды. Тіл мен гендердің өзара байланысын зерттейтін лингвистикалық зерттеулер мәдени-әлеуметтік қарым-қатынастар контексіндегі гендерлік категориялардың құрылымдануының тілдік механизмдерін анықтауға мүмкіндік береді.

Гендерді зерттеудің лингвистикалық принциптері төменде көрсетілген негізгі ережелерге сүйенеді:

– гендер тілде көрініс табады және түрлі коммуникативтік жағдаяттарда белсенді пайда болып, толық жоғалып кетуге дейін өзгертін айнымалы параметр болып табылады;

– гендердің әлеуметтік-символикалық сипаты гендерлік метафораның пайда болуына шарт жасайды;

– тілдік элементтердің гендерлік қырын зерттеу оларды тілдік бірлік ретінде талдаудан бастау алуы қажет; лингвистикадағы гендерді зерттеу үшін лингвистикалық әдістер қолданылуы қажет;

– гендерлік зерттеулерде мәтінге деген ерекше стратегия қолданылуы қажет, онда зерттеушінің мәтінге деген қарым-қатынасы көп нәрсеге әсер етеді.

Гендерлік лингвистиканың пайда болуы мен дамуы Дж. Коатс, Р. Лакофф, Д. Таннен, С. Трёмель-Плётц, А.В. Кириллина, Е.С. Гриценко және т.б. шетелдік ғалымдардың атымен

байланыстырылады. Олар тіл біліміндегі гендерлік ұстаным тілдегі адами факторды дәлірек ескеруге мүмкіндік беретінін көрсетті. Қазіргі таңда отандық тіл білімінде гендер мәселесі түрлі бағытта дамуда. Олардың негізгілері ретінде түрлі жыныс өкілдеріне жататын тұлғалардың сөйлеу ерекшеліктері мен гендердің тіл жүйесінде көрініс табуына арналған зерттеулерді атауға болады (Б. Хасанұлы, Г.Т. Шоқым, З.К. Сәбитова, Н.М. Жанпейісова, З.Ж. Түйебекова, З.М. Нұржанова, Г.Б. Мамаева, В.Д. Нарожная, О.Л. Сохацкая, Г.К. Исмағұлова, А.Т.Оңалбаева, Э.Т. Буранкулова және т.б.).

Гендерлік зерттеулер когнитивті лингвистикамен тығыз байланысты. Когнитивті лингвистика метафораны шындықты концептуалдандырудың және бейнелі ойларды объективтеудің негізгі когнитивті механизмі ретінде қарастырады. Метафора әлемді модельдеуші қабілетке ие, сондықтан ол әлемнің тілдік бейнесінің тұтас, оның ішінде, гендерлік бейнесін де қалыптастырады. Осылайша, біздің зерттеуіміз гендер мен когнитивті метафора мәселесінің тоғысқан тұсында болмақ: гендер метафоралық модельдеу механизмдері арқылы тілде жүзеге асқан когнитивті сала ретінде қарастырылады. Зерттеу жұмысының негізгі материалдары тіл біліміндегі гендерлік, когнитивтік, лексикографиялық бағыттың әдіс-тәсілдеріне негізделе отырып талданады.

## КІРІСПЕ

Тілдің құрылымын талдауда гендерлік ұстанымды қолдану белгілі бір мәдениетте гендердің қандай рөл атқаратындығы, түрлі типтегі мәтіндерде ерлер мен әйелдер үшін қандай мінез-құлық нормалары белгіленгендігі, гендерлік нормалар, еркектік, әйелдік туралы ұғымдар қалай өзгеріп отыратындығы, ерлерге және әйелдерге қандай стильдік ерекшеліктер тән, түрлі тілдер мен мәдениеттерде еркектік, әйелдік қалай түсініледі, гендерлік тәуелділік тілді игеруге қалай әсер ететіндігі, ол әлемнің тілдік бейнесінің қандай фрагменттерімен және қандай тақырыптық салаларымен байланысты екендігі туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді [2, 139].

А.В. Кириллина гендерлік сипаттамада гендерлік ұстанымды қолдану перспективасын тіл және оның қызмет етуі туралы жаңа мәліметтер алу деп есептейді, атап айтсақ, гендерлік сәйкестілікті құрылымдау үшін қандай тілдік құралдар қолданылады; белгілі бір тілдік бірліктерді таңдауда гендерлік фактордың әсері; гендерді қандай деңгейде «әлеуметтік-лингвистикалық категория деп есептеуге болады; метагендерлік (жалпыадамзаттық) және гендерлік деңгейлер бір тіл аясында бір-бірімен қалай байланысады; «фемининдік» және «маскулиндік» концептілерінің мазмұны түрлі тілдер мен мәдениеттерде қалай ерекшеленеді; гендерлік метафораның дискурстың әртүрлі түрлеріндегі рөлі қандай деген мәселелер зерттеуді қажет етеді [3, 5–14]. Гендер тілде түрлі тәсілдер арқылы категорияланады. Сондықтан отандық тіл білімінде гендерлік зерттеулер жан-жақты бағытта дамып келеді. Г.Т. Шоқымның еңбегінде (2009) гендерлік лингвистиканың қалыптасып, дамуының негізгі кезеңдері, гендерлік лингвистикалық зерттеулердің тиімді әдіс-тәсілдері, гендер мәселесіне отандық және шетелдік ғалымдардың түрлі көзқарастары қарастырылған. Гендерлік білімді құрылымдауда ментальды жүйелердің (метафоралық, метонимиялық және т.б.) рөлі анықталған, аталық және аналық бастауларға сүйене отырып тілде сақталған мифологиялық түсініктерді зерттеу барысында әлем образының мифологиялық үлгісіндегі еркектік-маскулиндік және әйелдік/фемининдік түсініктерінің мәні ашылып, қазақ гендерлік концептосферасы жасалған. Р.С. Турдалиеваның еңбегінде (2009) гендерлік мәнге ие психоллингвистикалық сипаттағы тілдік бірліктерді жіктей отырып, көркем мәтін тіліндегі гендерлік ерекшеліктердің психологиялық және мәдени аспектілері анықталған. А.Б. Сарсембаеваның еңбегінде (2009) көптеген тілдік құбылыстардың гендерлік тұрғыдан ерекшеленетіні анықталған. А.Т. Акишеваның зерттеуінде (2009) гендерлік тілдік стратегиялар мен коммуниканттардың тактикасына дискурс-талдау жүргізіліп, ондағы прагматикалық-семантикалық және лексика-семантикалық ерекшеліктер нақтыланған. О.А. Сараеваның жұмысында (2010) мәдениеттегі «еркек – әйел» оппозициясының орны анықтала

отырып, аталған оппозицияның жасөспірімдердің тілдік санасына әсері зерттелген. Жастар ортасында бағалаудың лингвистикалық құралдары сипатталған және олардың гендерлік өзін - өзі және өзара бағалауды қалыптастыруға қатысы анықталған. Д.А.Турдиеваның еңбегінде (2010) француз және ұйғыр тілдерінде ерлер мен әйелдерді сипаттайтын фразеологиялық бірліктер жүйеленіп, фразеологиялық бірліктердегі және сол тілде сөйлеушілердің тілдік санасындағы «ер» және «әйел» ұғымдары талданады. Фразеологиялық талдау қорытындылары социологиялық эксперимент деректерімен салыстырылады. А.Ш. Тажикееваның (2011) зерттеуінде гендерлік мазмұндағы қазақ және ағылшын мақал-мәтелдеріне концептуалдық талдау жүргізіліп, олардың ұлттық ерекшеліктері мен әмбебап қасиеттері, ерлер мен әйелдердің гендерлік рөлдеріне сәйкес келетін қасиеттерді сипаттайтын еркектік және әйелдік стереотиптердің байланысы анықталған.

Осылайша, біздің анықтауымызша, осы уақытқа дейін қазақ тілінің гендерлік бейнесі метафоралық аспектіде зерттеу объектісі болған емес. Бұл зерттеудің негізгі мақсаты метафоралық атаулар жүйесіндегі адам болмысының ерекшеліктеріндегі гендерлік қарама-қайшылықтың көрінісін талдау және әйелдік пен еркектіктің «гендерлік критерийлерін» анықтау болып табылады.

Тілде гендерлік оппозицияны категориялау тәсілінің бірі - метафоралар. Бұл мақалада метафора лингвокогнитивтік құбылыс, тіл құрылымдары арқылы жүзеге асқан когнитивтік операция ретінде қарастырылады. Лингвокогнитивтік бағыттағы зерттеушілердің осы жүйелерге жүгінуі тиісті линвомәдениетте шындықтың белгілі бір үзгі қалай көрінетінін анықтау әдісі ретінде қарастырылады. Концептуалды метафоралар жүйесі арқылы маркерленетін, гендерлік оппозицияны қалыптастыратын маскулиндік және фемининдік образдарын мәдени маңызды түсініктердің қатарына жатқызуға болады.

Гендерлік метафора – физикалық қасиеттерді ғана емес, жынысқа қатысты емес еркектік және әйелдік сөздерінің мәнін білдіретін рухани қасиеттер мен сапалардың жиынтығын көрсететін категория. Жалпыадамзаттық философиялық ұғымдар болып табылатын еркектік және әйелдік туралы түсініктер әлеуметтік жыныстың гендерлік теориясының базалық категориясы ретінде де маңызды орынға ие. Осыған байланысты түрлі тілдік механизмдердің, оның ішінде гендерлік метафораның гендерлік образды қалыптастырудағы әсерін қарастыру маңызды болып табылады. Бұл бағыттағы мәселенің өзектілігі қазақ тілінде жалпы метафора феномені терең зерттелгенімен, метафоралық адам атаулары гендерлік маркерлену тұрғысынан зерттелмегендігіне байланысты адамның образды атауларына талдау жасау қажеттілігіне байланысты туындап отыр. Осыған байланысты зерттеу нысаны ретінде қазақ әдеби тілінің лексикасындағы тұлғаның метафоралық атаулары алынып, қазақ тіліндегі әлем бейнесіндегі адам атауларының метафоралық жүйесінде гендерлік оппозицияның маркерлену сипатын анықтау міндеті қойылды. Зерттеу барысында қазақ тіліндегі метафора феноменіне гендерлік тұрғыдан алғаш рет кешенді талдау жасалып, қазақ тіліндегі гендерлік фрагментті құрайтын метафоралық модельдердің құрамы анықталды. Зерттеудің теориялық маңыздылығы метафора теориясы мен гендердің лингвистикалық аспектілерін зерттеуге қосқан үлесі арқылы анықталады. Адам атауларын гендерлік оппозицияны маркерлеу механизмі ретінде зерттеу әлеуметтік-мәдени феномен ретінде гендердің тілде көрініс беру тәсілдері туралы білімді толықтырады. Мақалада қолданылған метафораның гендерлік оппозицияны бейнелеудегі әлемді модельдеуші қабілетін айқындау қазақ тіліндегі әлем бейнесінің мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктері туралы кешенді түсінікті қалыптастыруда маңызға ие.

## МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Біз бұл зерттеуімізді Дж. Лакофф және М. Джонсонның концептуалды метафора теориясына [4] және З.И.Резанова мен О.В.Комиссарова ұсынған гендерлік оппозицияны модельдеудегі метафораны анықтау әдісіне [5] сүйене отырып жүргіздік.

Бірінші кезеңде 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінен» [6] адамға қатысты лексикалық метафоралық атаулардың корпусы жасалды. Келесі кезеңде сөздікте берілген атаулардың лексикалық мағыналарына талдау жасалып, жалпы адамды немесе ер адамды және әйел адамды сипаттайтын гендерлік белгілеріне қатысты топталды. Одан кейін «Қазақ тілінің ұлттық корпусынан» [7] мысалдар келтіру арқылы гендерлік маркерленген әр метафоралық атаудың негізгі номинативті мағынасы мен метафоралық мағынасына терең талдау жасалды. Метафоралық атаулар ер адам мен әйел адамның қандай қасиеттерін, белгілерін көрсететіні анықталып, олардың мазмұны мен құрамына талдау жасалды.

## НӘТИЖЕЛЕР

Метафораның құрылымында метафора символы (салыстыру аспектісі) ретінде көрінетін гендерлік маңызды белгілер ерлер мен әйелдердің образды бейнесінің әртүрлі қырларын маркерлейді.

Метафора – кез келген тілдің, мәдениеттің, әлеуметтік ортаның ерекшелігі туралы толық ақпарат бере алатын тілдік категория. М. Блэкстің тұжырымдауынша, біз бейнелі тілді, оның ішінде метафораны оның когнитивтік, коммуникативтік және тұлғааралық әсеріне байланысты қолданамыз. Метафоралар сөзбе-сөз айтылмайтын түсініктерді, күрделі идеяларды білдіреді [8].

Когнитивтік лингвистикадағы метафоралық ұстаным үшін негізгі бағдар Дж. Лакофф пен М. Джонсонның «Біз өмір сүретін метафоралар» («Метафоры, которыми мы живем») еңбегі болып табылады. Авторлар концептуалды метафора теориясының негізін қалады. Концептуалды метафора теориясының негізгі тезисі «метафора – таныс емес түсінікті таныс түсінік арқылы ойлау жолы» деген тұжырымға келеді [4]. Дж. Лакоффтың түсіндіруінде «тіл иесінің санасында қалыптасқан екі концептуалды салалар арасындағы байланыс сызбасы, оны «X - бұл У» формуласымен ұсынуға болады». Формула компоненттері арасындағы қатынас тікелей сәйкестендіру ретінде емес, ұқсас ретінде түсініледі: "X У-ке ұқсас".

Концептуалды метафора когнитивтік лингвистика түсіндірмесінде метафоралық модель ұғымымен байланысты. Метафоралық модель дегеніміз «тіл иелерінің санасындағы бастапқы және екінші мағыналардың типтік қатынасы, олар жаңа екінші мағыналардың тууына үлгі болады» [9] және метафоралық модель метафоралық мағынаның барлық үш компонентінің жинақталуы негізінде жүзеге асады.

*Гендерлік метафоралардың және метафоралық модельдердің типологиясы.* Жүргізілген талдау адам аталымдарын сипаттайтын гендерлік маркерлеу белгісі бойынша метафоралы адам аталымдарының келесі түрлерін анықтауға мүмкіндік берді: гендерлік маркерленген және гендерлік маркерленбеген метафоралар. Бұл классификацияны келесі 1-кесте арқылы көруге болады.

Кесте 1 – Гендерлік маркерлену тұрғысынан алғанда метафоралардың түрлері

Метафоралық адам аталымдары		
гендерлік маркерленген		гендерлік маркерленбеген
Әйелдердің метафоралық аталымы: <i>елік, мыстан, аруана</i>	Ерлердің метафоралық аталымы: <i>арлан, төбет, ителгі</i>	Адамның метафоралық аталымы: <i>қолшоқпар, ібіліс, қасқыр</i>

Гендерлік маркерленбеген метафоралар еркек пен әйел деп ерекшелемей, жалпы адамды атайды. Гендерлік маркерленген метафоралар образды түрде тек қана еркекті немесе тек қана әйелді сипаттайды [10].

«Қазақ әдеби тілінің сөздігі» мен «Қазақ тілінің түсіндірме» сөздігіне талдау жасау барысында қазақ тілінде адамды атайтын 233 метафора анықталды. Талдау жасалған метафоралардың құрамында гендерлік маркерленбеген метафоралардың саны басым, яғни

анықталған 189 гендерлік маркерленбеген метафора адамды образды түрде атайтын метафоралардың жалпы 81,2% құрайды.

Гендерлік маркерленген метафоралар 44 метафораны құрады, ол метафоралық адам аталымдарының жалпы санының 18,88% құрайды. Гендерлік маркерленген метафоралардың ішінде «еркек» түпнұсқа саласындағы метафоралар саны 26 болса, «әйел» түпнұсқа саласындағы метафоралар саны 18-ді құрады, яғни 59,9 және 40,91%.

Талдау нәтижесі көрсеткендей, гендерлік маркерленген және гендерлік маркерленбеген метафоралық модельдеудің концептуалды салалары келесі түрде көрініс тапты: «жануар», «артефакт», «құс», «өсімдік» және «мифтік образ», «табиғат құбылысы». Олар түрлі метафоралық модельдерді құрайды.

*Адам образдарының гендерлік маркерленбеген модельдері.* Гендерлік маркерленбеген метафоралар түрлі метафоралық модельдерге жатады. «Жануарлар», «артефактілер», «құстар», «діни ұғымдар», «өсімдіктер», «мифтік образдар», «ауру аттары», «табиғат құбылыстары», «аспан денелері» концептуалды салалары түпнұсқа сала ретінде келеді (2-кесте).

Кесте 2 – Гендерлік маркерленбеген метафоралар бойынша метафоралық модельдер

<i>Адам</i>								
жануарлар	артефактілер	құстар	діни ұғымдар	өсімдіктер	мифтік образдар	ауру аттары	табиғат құбылыстары	аспан денелері
Ит, маймыл, түлкі, нар, қасқыр	Қазық, қуыршақ, тұтқа, тоқпақ	Жапа лақ, қарға, қарлығаш, сауысқан	Әруақ, әулие, эзәзіл, тажал, ібіліс	Шынар, ебелек, бәйтерек, атқұлақ	Албасты, жалмауыз, жезтырнақ, желаяқ, дәу	Жұлын құрт, қағынды, қыршаңқы	Шамшырақ, желауыз, жылым	Жұлдыз, темір қазық

Мағыналық тұрғыдан алғанда гендерлік маркерленбеген метафоралар адамды жүріс-тұрысы мен мінез-құлқы, әлеуметтік рөлі, жасы, қабілеті, тұлғасы, сырт келбеті тұрғысынан сипаттайды. Статистикалық тұрғыдан адамның жүріс-тұрысы мен мінез-құлқы 116 метафора арқылы берілген, бұл адамның метафоралық аталымдарының 61,38%-ын құрайды. Белгілер жиынтығының көлемі бойынша келесі орында – адамның әлеуметтік рөлі мен тұлғасы (30 метафора, (15,87%)). Үшінші орында адамның қабілеті (16) (8,47%) мен жасын суреттейтін метафоралар (16) (8,47%) және метафоралық аталымдар жүйесіндегі бесінші белгі адамның сыртқы келбеті 11 метафора арқылы берілген (5,82%). Адамның сыртқы пішініне байланысты метафоралар адамның бойы мен физикалық бітімін сипаттауда жиі қолданылады. Жалпы адамға тән мінез-құлық пен жүріс-тұрыс сапаларының арасында жағымды қасиеттер де (күш, ерік, төзім, батырлық, адалдық), жағымсыз қасиеттер де (жауыздық, арамдық, әлсіздік, ақымақтық, жабайылық) көрініс табады. Жағымсыз қасиеттерді білдіретін метафоралар санының басым болуы және олардың сипаттамаларының әр түрлі болуы назар аудартады. Бұл метафораның бағалаушылық қасиетіне, нормадан ауытқушылықты көрсету қасиетінің басымдығымен байланысты болса керек. Адамның әлеуметтік мәртебесіне қатысты метафоралар құндылығын, қоғамдағы орнын сипаттайды. Осылайша, адам ұйымдастырушы немесе көшбасшы, қайырымды тұлға, қамқор, басқаларға рух беруші және отбасының жалғасы болып сипатталады. Адамның қабілеті тұрғысынан қарағанда, адам өз ісінің білгірі, дарынды және әдемі дауыс иесі ретінде сипатталады. Және тағы да бір назар аударарлық жайт, адамның жасына байланысты қолданылатын метафоралар негізінен адамның жасөспірім, жас кезеңін бейнелейді.

*Адам образдарының гендерлік маркерленген модельдері: еркек және әйел образдарының модельдері.* Гендерлік маркерленген метафоралар түрлі концептуалдық сала құбылыстарымен образды түрде ұқсастыру негізінде маскулиндік және фемининдік сапаларды көрсетеді.

*Гендерлік маркерленген метафоралар жүйесіндегі еркек образының метафоралық модельденуі (барлығы 26 метафора).* Салыстыру аспектісінде өзектелетін белгілер жиынтығын анықтау мақсатында мақсатты саласы ер тұлғасы болып табылатын гендерлік маркерленген метафораларды қарастырамыз. Талдау нәтижесінде әлемнің тілдік бейнесінде еркек образын метафоралық модельдеуде түпнұсқа салалар келесі түрде көрініс тапты (3-кесте).

Кесте 3 – Гендерлік маркерленген метафоралар жүйесіндегі еркек образының метафоралық модельдену түрлері

Еркек			
жануар	құс	артефакт	мифтік образ
Төбет, текешік,	қыран, қораз,	берен, жаға,	самұрық,

*«Еркек – жануар» метафоралық моделі.* Талдау жасалған сөздікте еркекке қатысты қолданылатын 14 метафора анықталды: *абдан, арыстан, арлан, әңгі, барыс, бұқа, жампоз, қабылан, қошқар, серке, текешік, төбет, өгіз, жолбарыс.*

Бұл метафоралық модельде еркектің ментальді-психикалық ерекшеліктері сипатталады:

- Маскулиндік сапаларды бейнелейтін төмендегідей мағыналардың өзектелуі анықталды: Мысалы: Мықты, азулы: арыстан («ержүрек, қайтпас қайсар адам, батыр»): *Әсия әрі сұлу, әрі білімді жігіттің қандай арыстаны болса да жар ғып құшуга тұрарлық* (Ә. Нәбиев. Ауыр апта, ҚӘТС); Батыр, ержүрек: барыс («ержүрек, қайтпас қайсар, батыр ер адам»): *Жалпы, финалға шыққан «Қазақстан барысы» атанған Руслан Әбдіразақов өте мықты балуан* (И. Байқоныс. Қасиетті Ораза айында осындай нығметке кенелткен Аллаға шүкір еттім, ҚТҰК);

- Ерлердің әлеуметтік мәртебесін, қадір-қасиетін, өз ортасындағы беделін білдіретін мағыналар төмендегідей метафоралық жолмен маркерленеді. Мысалы: Беделді: серке («соңынан жұрт ерткен ел ағасы, беделді азамат»): *Исатайды өлтіріп, серкесінен айырылып, сергелдең болған біздің ел* (М. Өтемісұлы, Мінкен ер, ҚТҰК);

- Ментальді-психикалық және жүріс-тұрыс сипаттамаларын бейнелейді. Мысалы: оңбаған адам: төбет («жексұрын, оңбаған, ұнатпайтын ер адамдарға айтылатын сөз»): *Қазақтың қара жұртын быт-шыт қылған, Төре емесің, төбетсің, дым білмеген* (Ж. Абитжанова, ҚТҰК).

Осылайша, жануарға ұқсату арқылы еркек образын метафоралық модельдеуде ментальді-психикалық белгілердің ішінде ер адамға тән қасиет пен жүріс-тұрыс және әлеуметтік мәртебені репрезентациялайтын мағыналар басым деңгейде өзектеледі.

*«Еркек – артефакт» метафоралық моделі.* «Еркек – артефакт» метафоралық моделін бейнелейтін гендерлік метафоралар саны 3 лексеманы құрайды: *берен, жаға, кегей.* Бұл модельде адамның ментальді-психикалық ерекшеліктері сипатталады. Ұқсастыру негізі ретінде келесі сипаттамалар алынған: батыр, ер: берен («батыр, ер»): *Алтамыс берен тұрады, Сұңқардай мойнын бұрады* (Батырлар жыры, Алпамыс, ҚӘТС). «Артефакт» түпнұсқа саласы арқылы берілген метафоралық бейнелеу жолымен батыр, қамқор ердің образы сипатталады.

«Еркек – құс» метафоралық моделі. Аталған модель аясында ер референтіне қатысты 7 метафора анықталды: *бәйшөңгел, көкжәндет, қораз, қыран, сұңқар, ақсұңқар, ителгі*. Метафоралық жолмен ердің физикалық және психикалық-ментальдік сапалары маркерленеді. Гендерлік маркерленген метафоралар еркектің физикалық күшін төмендегідей бейнелейді: Мысалы: мықты, алғыр: қыран («тепсе темір үзетін мықты, алғыр жігіт»): *Біздің қазақ жігіттері секілді, нағыз қыран жігіт екен өзі* (Е. Раушанов, Тбилиси, ҚТҰК).

Сонымен, «еркек – құс» метафоралық моделі негізінен еркектің батырлығы мен батылдығын, күштілігін сипаттайды.

«Еркек – мифтік образ» метафоралық моделі. Бұл модельде анықталған 2 метафора (*самұрық, қожанасыр*) еркектің физикалық және психикалық-ментальдік сапаларын сипаттайды. Мысалы, қожанасыр («аңқау, аңғал, істеген ісі таңқаларлық қызық ер адам»): *Бар десек, әрине, ол барады, - деді Мұхаммеди, бірақ қожанасыр неме зой, бірдемені бүлдіріп алар* (М. Ғабдуллин, Сұрапыл, ҚӘТС).

Осылайша, «мифтік образ» түпнұсқа саласы негізінде еркек образын беруде еркектің күштілігі мен мықтылығы және аңғалдығы сипатталады.

Гендерлік маркерленген метафоралар жүйесіндегі әйел образының метафоралық моделдеуі (*барлығы 18 метафора*). Ұқсастыру негізінде өзектелетін белгілер жиынтығын анықтау мақсатында мақсатты саласы әйел тұлғасы болып табылатын гендерлік маркерленген метафораларды қарастырдық. Талдау нәтижесінде әлемнің тілдік бейнесінде әйел образын метафоралық модельдеуде түпнұсқа салалар келесі түрде көрініс тапты (4-кесте).

Кесте 4 – Гендерлік маркерленген метафоралар жүйесіндегі әйел образының метафоралық модельдену түрлері

жануар	артефакт	мифтік образ	діни ұғым	құс
елік, аруана, құралай	гаухар, жақұт;	мыстан, пері, перизат	періште, сайтан, бибапта	шымшық, тоты

«Әйел – жануар» метафоралық моделі. Аталған метафоралық модельде әйел жынысының референтіне қатысты қолданылатын 5 метафора анықталды: *ақторта, аруана, елік, қаншық, құралай*. Метафоралық жолмен физикалық және ментальдік-психикалық ерекшеліктер сипатталады. Аталған концептуалды аймақта сыртқы келбетті өзектендіретін метафоралық әйел адам аталымдары басым кездеседі. Бұл тұрғыда келесі мағыналар маркерленеді: Мысалы, Сымбатты: елік («көз қуантар, көз тартар, сұлу сымбатты әйел»): *Еліктей ерке қыздарға, біздер де ғашық болғанбыз* (Ұ. Есдәулетов, біздер де ғашық болғанбыз, ҚТҰК); іс-әрекеті жаман: қаншық («оңбаған әйел адамға айтылатын тілдеу сөз»): *Біреудің байын азығырып, сенікі не, жүзі қара? не дейді, ойбай, бұ қаншық! Шық, үйімнен, дереу, шық!* (Ж. Аймауытов, Шығармалар, ҚӘТС); келесі метафора арқылы әйелдің ана ретіндегі қасиеті беріледі: балажан: аруана («балажан ана»): *Қасында жүзін әжім шиырлаған аруана әже сәбиді сүйіп отыр* (Ғ. Мүсірепов, Гүлжазира, ҚӘТС), *Қайран аруана көкірек аналарды айтсаңшы, біз аттанған сәттен бастап-ақ олардың жүрегін сағыныш оты өртейтін тәрізді* (Ә. Бектемісов, Майдангер, ҚӘТС). Қазақ халқының өмірінде түйе жануарының алатын орны ерекше. Мысалдан көріп отырғанымыздай, аруана өз балаларын шексіз сүйіп, қорғайтын ананың образын беруде түпнұсқа сала қызметін атқарады.

Осылайша, қазақ тіліндегі әлем бейнесінде әйел образы «жануар» түпнұсқа саласы арқылы сипатталады және сыртқы келбеті басым бейнеленеді.

«Әйел – артефакт» метафоралық моделі. «Әйел – артефакт» метафоралық моделін 3 метафора құрайды: *гаухар, жақұт, күндебау*. Метафоралық модельдену жолымен әйел адамның беделі мен қадірі сипатталады: ең қымбат, аса қадірлі: гаухар (ең қымбат, асыл, қадірлі әйел адам) : *Саф таза Сәлім аға алтын болса, Ләйла апам гаухар тастың ең асылы* (К. Ахметова, Көршілер, ҚТҰК).



«Әйел – мифтік образ» метафоралық моделі. Аталған метафоралық модельде 4 лексема анықталды: *мыстан, пері, перизат, жалмауыз кемпір*. Келтірілген метафоралық аталымдар мінез-құлық және физикалық мағыналарды бейнелейді.

Метафоралық жолмен әйел адамның келесі белгілері маркерленеді: әдемі, сұлу: *пері* («әдемі, ерекше сұлу қыз»): *Үзіледі ақ пері өбіп беттен, Неткен сымбат, дарига-ай көрік неткен!* (Е. Раушанов, Әкемнің өлеңі); қу, айлалы: *мыстан* («айлалы, арамза әйел»): *Ұлы ханымның төңірегіндегі түйедейді түймедей қылатын мыстан әйелдер әулие шалды да арбап алған гой* (Ә. Кекілбаев, Аңыздың ақыры, ҚТҰК).

Сонымен, мифтік образдар арқылы әйелдерді атауда сыртқы келбет пен мінез-құлық ерекшелігі бағаланады.

«Әйел – діни ұғым» метафоралық моделі. «Әйел – діни ұғым» метафоралық моделін 3 лексема құрайды: *бибатпа, періште, сайтан*. Аталған метафоралық модельдегі метафоралық аталымдар физикалық және мінез-құлық мағыналарын репрезентациялайды. Әйелдің сыртқы келбетінің сипаттамасы метафоралық жолмен маркерленеді: *асқан сұлу, ару: періште* («асқан, сұлу ару, әйел адамдарды еркелеткенде айтылатын қаратпа атауыш»): *Ей, періштем! Махаббат боп кездескен, арманымды арманымға жалғашы* (Н. Оразалин, мен бақытын қызғанбаймын басқаның, ҚТҰК).

Әйелдің мінез-құлық сипаттамалары метафоралық жолмен маркерленеді: *сайтан* (ұшқалақ жеңілтек, адамды азғырушы, кесірін тигізуші кісі, әйел): *Өзі де еркектен бетер сайтан сияқты қыз екен, - деді* (Ж. Аймауытов, Шығармалар, ҚӨТС).


«Әйел – құс» метафоралық моделі. Бұл метафоралық модельде әйелге қатысты физикалық және ментальді-психикалық мағыналарды маркерлейтін 2 метафора анықталды: *шымшық, тоты*.

Әйелдерді құс образымен метафоралық ассоциациялау барысында мінез-құлық пен сыртқы келбетті репрезентациялайтын белгілер өзектенеді: *икемделгіш қыз: шымшық* («қолдағы, икемге келіп тұрған қыз»): *Асп+андағы аққуға қол созып жүргенде, қолыңдағы шымшығың ұшып кетсе, құр алақан қалды деген сол* (Ж. Өмірбеков, Тас түйін, ҚӨТС); *әдемі, сұлу: тоты* («сұлу, әдемі»): *Бекен келіншектің табан астында тотыдан қырғизға айнала қалғанын көріп таңданды* (М. Серғалиев, Замандастар, ҚӨТС).


## ТАЛҚЫЛАУ

Талдау нәтижесінде қазақ тілінде ерлер мен әйелдерді образды атау үшін негізінен «адам – жануар», «адам – құс», «адам – артефакт», «адам – мифтік образ» метафоралық модельдері қолданылатындығы анықталды. Бұл модельдер ерлер мен әйелдерді сипаттауда сандық жағынан да, мазмұндық жағынан да ерекшеленеді, яғни гендерлік асимметрия көрініс береді.

Гендерлік белгілерді сипаттайтын метафоралық аталымдардағы ерлер мен әйелдердің сипаттамалық негіздерінің пайыздық көрсеткіші төмендегі диаграммаларда (1, 2-суреттер) көрсетілді.



Сурет 1 – Ерлердің метафоралық сипаттамасының түрлері (%)



Сурет 2 – Әйелдердің метафоралық сипаттамасының түрлері (%)

Жалпы барлық метафоралық модельдер бойынша сипатталған маскулиндік белгілер бойынша еркектің батырлығы мен ержүректігі (7 метафора: *барыс, жолбарыс, қабылан, берен, көкжандет, ақсұңқар, қораз*) басты орында болса, мықтылығы да (5 метафора: *арыстан, арлан, қыран, ителгі, самұрық*) ерекше көрініс береді. Батылдығы (*сұңқар*), адуындылығы (*бәйшөңгел*), тұлға ретінде көрінуі (*бұқа, абдан, кегей*), жоғары беделі (*жампоз, серке*), қамқорлығы (*жаға*), төмен мәртебесі (*қошқар, текешік*) және түрлі жағымсыз ментальді-психикалық сипаттамалары көрінеді (*төбет, өгіз, әңгі, қожанасыр*). Бұдан еркек елдің қорғаны, батыр деген маскулиндік бейненің басым көрініс беретіндігін байқауға болады. Зерттеу барысында әлемнің тілдік бейнесіндегі маскулиндік образ жануар, құс, артефакт, мифтік бейнелердің негізіндегі метафоралар арқылы берілетіндігі анықталды және бұл метафоралардың аясында еркектің қасиеті, әлеуметтік мәртебесі, ментальді-психикалық ерекшелігі, мінез-құлқы, физикалық күші жағынан сипатталатынын көрсетті. Маскулиндік образды метафоралық бейнелеу барысында жануарлар мен құстар арқылы беру басым болды.

Себебі бұл жануарлар мен құстардың жыртқыштық қасиеті мен ер адамның мықтылығы мен батырлығы арасындағы көптеген ұқсастыққа байланысты деген ойдамыз.

Ал фемининдік белгіні бейнелеудегі метафоралық модельдер маскулиндік белгіден ерекшеленеді, еркек 4 метафоралық модель арқылы берілсе (жануар, құс, артефакт, мифтік бейне), әйел образы 6 метафоралық модель арқылы беріледі (жануар, құс, артефакт, мифтік бейне, діни ұғым, ауру аты). Әйел образын сипаттауда «әйел – жануар» моделіндегі метафоралар басым. Барлық метафоралық үлгілер бойынша сипатталған фемининдік белгілердің ішінде әйелдің сұлулығы мен сымбаттылығы басым болса (7 метафора: *ақторта, елік, құралай, періште, пері, перизат, тоты*), оның өз ортасындағы беделі де метафоралар арқылы көрініс береді (3 метафора: *гауһар, жақұт, бибатпа*). Сонымен қатар түрлі ментальді-психикалық белгісі мен мінез-құлқы да сипатталады, оның ішінде әйелге тән маңызды белгі оның ана ретіндегі басты қасиеті - балажандылығы «*аруана*» метафорасы арқылы сипатталған. Ал әйелдің түрлі жағымсыз мінез-құлқы 8 метафора арқылы ғана көрініс берген (*мыстан, сайтан, қаншық, күндебау, жалмауыз кемпір, шымшық, қаражелін* т.б.).

Жоғарыда келтірілген талдау нәтижелерін негізге ала отырып, гендерлік (гендерлік маркерленген) метафоралар метафора символдарында метафоралық атау денотатының еркекке тән және әйелге тән сапасын өзектейтінін көреміз. Метафоралық модельдеуде гендерлік ерекшелік жалпы метафоралардың санынан, түпнұсқа сфераларды таңдаудан және метафора символдарының түрлі жиынтығының – образды ұқсастыру негіздерінің өзектелуінен көрінеді. Сонымен қатар лексикографиялық дискурстағы гендерлік метафоралар арқылы мәдени маңызды белгілерді анықтауға болады, себебі сөздіктегі метафоралар нысанға алынып отырған лингвомәдениеттің гендерлік бейнесі туралы жан-жақты ақпарат бере алатын материал болып табылады. Бұл материалдар гендерлік лингвистика, қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы, этнолингвистика, лингвомәдениеттану саласында практикалық жағынан маңызды деп есептейміз.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Осылайша, алынған мәліметтерге сүйене отырып, гендерлік метафоралар арқылы гендерлік маңызды белгілерді анықтауға болады. Белгілердің тақырыптық топтарының сандық көрсеткішін есепке алу қазақ лингвомәдениетіндегі жалпы гендерлік бейнені анықтау үшін өте маңызды. Маскулиндік және фемининдік бейнелерді модельдеу кезінде мінез - құлық пен жүріс-тұрыс сипаттамалары маңызды рөл атқарады.

Белгілердің тақырыптық топтарының сапалық жағынан көрсетілуіне келетін болсақ, ерлер олардың мінез-құлқы/жүріс-тұрысы және әлеуметтік рөлі негізінде ерлік, сенімділік және қуат сияқты қасиеттерді көрсету арқылы модельденеді. Жағымсыз белгілер де ерекшеленеді, бірақ олар аз көлемде анықталды. Әйелдің сипаттамаларына келетін болсақ, сыпайылық пен балаларға деген сүйіспеншілік, жұмсақтық қазақ мәдениетіндегі әйелдердің жағымды қасиеттеріне жатады. Алайда жағымды қасиеттерден басқа, жағымсыз қасиеттер де көрініс береді.

Алынған мәліметтер метафораларды гендерлік түсініктің көрінісі ретінде қолдануға қатысты бірнеше қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Нәтижелерге сәйкес, жалпы адамдарды да, ерлер мен әйелдерді де сипаттайтын метафоралардың типтік белгілері – мінез-құлқы пен жүріс-тұрысты сипаттайтын метафоралық аталымдар [11, 159].

Алынған нәтижелерді салыстырмалы түрде саралай келе, метафоралық сипаттауда ердің сыртқы келбетін, оның ішінде сұлулығын сипаттайтын метафоралар мүлде кездеспейтінідігі, керісінше, қазақ тілінде ерге тән қасиеттердің ішінде оның батырлығын, ержүректігін, мықтылығын, қоғамдағы ерекше беделін, қорған екендігін көрсететін метафоралар мен әйелдің сұлулығын, сымбаттылығын сипаттайтын метафоралардың басым болуымен ерекшеленеді.

Метафоралар арқылы анықталған маскулиндік және фемининдік қасиеттер гендерлік метафора мен гендерлік таптаурындардың өзара тығыз байланыстылығын көрсетеді. Оған Г.Т. Шоқымның қазақ тіліндегі гендерлік ерекшеліктерді зерттеген еңбегінде «Еркек» ментальді

образынан келіп шығатын «батыр, жігіт, күйеу, әке, ата, аға» бейнелерін тұжырымдау арқылы халық танымында еркектің гендерлік үлгісі «батырлық, жігіттік, ағалық қасиеттеріне сәйкес тұжырымдалады» [12, 112], ал әйел образы «сұлулық, әдептілік, сыйластық, мейірімділік қасиеттері арқылы көрініс береді» [12, 117] деген пікірі дәлел.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Елубай А.М., Сарсеке Г.Ә. Қазақ және түрік мақал-мәтелдеріндегі «әйел» концептісін лингвомәдени зерттеу аспектілері // Ш. Уәлиханов атындағы ҚУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – № 4. – Б. 5-17. DOI: 10.59102/kufil/2023/iss4pp5-17
- 2 Словарь гендерных терминов / под ред. А.А. Денисовой. – М., 2002. – 256 с.
- 3 Кирилина А. В. Гендер: лингвистические аспекты. – М.: Институт социологии РАН, 1999. – 180 с.
- 4 Lakoff G., Johnson M. Metaphors we live by. – Chicago, 2003. – 242 p.
- 5 Резанова З.И., Комиссарова О.В. Метафора в моделировании гендерных оппозиции: методика анализа, типология // Язык и культура. – 2012. – №2(18). – С. 80-90.
- 6 Қазақ әдеби тілінің сөздігі: 15 т. / ред. А. Ысқақов, Н. Уәли. – Алматы, 2011.
- 7 Қазақ тілінің ұлттық корпусы. <https://qazcorpus.kz/> (10.10.2023).
- 8 Black M. Metaphor and thought // In book: More about metaphor. – Cambridge: Cambridge University Press, 1993. – P. 19-41.
- 9 Чудинов А.П. Россия в метафорическом зеркале: когнитивное исследование политической метафоры (1991-2000): монография. – Екатеринбург: Ур. гос. пед. ун-т, 2001. – 238 с.
- 10 Shokym G.T. et al. Images of Man and Women in the mirror of gender metaphors // Eurasian Journal of Applied Linguistics. – 2022. – Vol. 8, Issue 2. – P. 272-282. <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.911560>
- 11 Zhumasheva K.B. et al. Representation of Gender Metaphor in Lexicography as a Reflection of Culture // International Journal of society, culture and language. – 2022. – Vol. 10, Issue 3. – P. 151-162. <http://dx.doi.org/10.22034/ijsc.2022.543085.2467>
- 12 Шоқым Г.Т. Гендерлік лингвистика негіздері. – Алматы: Экономика, 2012. – 190 б.

Материал 27.01.2024 баспаға түсті

#### **Моделирование гендерной оппозиции с помощью концептуальных метафор в лексической системе**

К.Б. Жумашева<sup>1</sup>, А.Т. Абужалитова<sup>2</sup>, М.К. Ажғалиев<sup>3</sup>, М.Е. Сапарғалиева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Западно-Казахстанский университет им. М. Утемисова, Уральск, 090000, Республика Казахстан

<sup>2</sup>Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, 050000, Республика Казахстан

<sup>3</sup>Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Уральск, 090000, Республика Казахстан

*Современные гендерные исследования в области языка и общения сформировали гендерную лингвистику как отдельное научное направление. Лингвистические исследования, изучающие взаимосвязь языка и гендера, позволяют выявить языковые механизмы структурирования гендерных категорий в контексте культурно-социальных отношений. Одним из основных способов структурирования гендера в языке являются метафоры.*

*Цель статьи – определить тип маркировки гендерной оппозиции в системе метафорических имен личности в языковой картине мира. В ходе реализации поставленной цели метафора рассматривается как средство формирования базовых концептов культуры, механизм установления гендерных противоположностей.*

*Исследование проведено на основе теории концептуальной метафоры Дж. Лакоффа и М. Джонсона и метода определения метафоры в моделировании гендерной оппозиции, предложенного З. И. Резановой и О. В. Комиссаровой. В результате исследования обобщаются признаки метафорического сходства, выявленные в рамках метафорических моделей, и определяется совокупность признаков, относящихся к описанию образа мужчины и женщины в казахской лингвокультуре. на основе этого моделируются гендерно-маркированные и гендерно-немаркированные человеческие образы в языковой картине мира, выявляются сходства и различия, характер, направленность этих образов, описывается содержательная специфика гендерных контрастов (маскулинных и феминистских характеристик) в образном фрагменте языковой картины мира. на основании полученных данных можно определить гендерно-значимые черты с помощью гендерных метафор.*

*Ключевые слова: гендер, гендерная лингвистика, гендерная метафора, концептуальная метафора, гендерная оппозиция, метафорическая модель.*

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Елубай А.М., Сарсеке Г.Ә. Аспекты лингвокультурного изучения концепта «женщина» в казахских и турецких пословицах и поговорках // Вестник ҚУ им. Ш. Уәлиханова. Филологическая серия.– 2023. – № 4. – Б. 5-17. DOI: 10.59102/kufil/2023/iss4pp5-17
- 2 Словарь гендерных терминов / под ред. А.А. Денисовой. – М., 2002. – 256 с.
- 3 Кирилина А. В. Гендер: лингвистические аспекты. – М.: Институт социологии РАН, 1999. – 180 с.
- 4 Lakoff G., Johnson M. Metaphors we live by. – Chicago, 2003. – 242 p.
- 5 Резанова З.И., Комиссарова О.В. Метафора в моделировании гендерных оппозиции: методика анализа, типология // Язык и культура. – 2012. – №2(18). – С. 80-90.
- 6 Словарь казахского литературного языка: в 15 т. / Под ред. А. Ыскаков, Н. Уали. – Алматы, 2011.
- 7 Национальный корпус казахского языка. <https://qazcorpus.kz/> (10.10.2023).
- 8 Black M. Metaphor and thought // In book: More about metaphor. – Cambridge: Cambridge University Press, 1993. – P. 19-41.
- 9 Чудинов А.П. Россия в метафорическом зеркале: когнитивное исследование политической метафоры (1991-2000): монография. – Екатеринбург: Ур. гос. пед. ун-т, 2001. – 238 с.
- 10 Shokym G.T. et al. Images of Man and Women in the mirror of gender metaphors // Eurasian Journal of Applied Linguistics. – 2022. – Vol. 8, Issue 2. – P. 272-282. <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.911560>
- 11 Zhumasheva K.B. et al. Representation of Gender Metaphor in Lexicography as a Reflection of Culture // International Journal of society, culture and language. – 2022. – Vol. 10, Issue 3. – P. 151-162. <http://dx.doi.org/10.22034/ijsc.2022.543085.2467>
- 12 Шокым Г.Т. Основы гендерной лингвистики. – Алматы: Экономика, 2012. – 190 с.

Материал поступил в редакцию журнала 27.01.2024

### **Modeling of gender opposition in the lexical system through conceptual metaphors**

K.B. Zhumasheva<sup>1</sup>, A.T. Abuzhalitova<sup>2</sup>, M.K. Azhgaliyev<sup>3</sup>, M.E. Sapargaliyeva<sup>1</sup>

<sup>1</sup>M.Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, 090000, Kazakhstan

<sup>2</sup>Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, 050000, Kazakhstan

<sup>3</sup>University of Innovation and Technology of Western Kazakhstan, Uralsk, 090000, Kazakhstan

*Modern gender studies in the field of language and communication have shaped gender linguistics as a separate scientific field. Linguistic studies studying the relationship between language and gender make it possible to identify linguistic mechanisms for structuring gender categories in the*

*context of cultural and social relations. Metaphors are one of the main ways of structuring gender in language.*

*The purpose of the article is to determine the type of labeling of gender opposition in the system of metaphorical names of a person in the linguistic picture of the world. In the course of achieving this goal, metaphor is considered as a means of forming basic concepts of culture, a mechanism for establishing gender opposites.*

*The study was conducted on the basis of the theory of conceptual metaphor by J. Lakoff and M. Johnson and the method of defining metaphor in modeling gender opposition proposed by Z. I. Rezanova and O. V. Komissarova. As a result of the study, the signs of metaphorical similarity identified within the framework of metaphorical models are generalized, and a set of signs related to the description of the image of a man and a woman in the Kazakh linguistic culture is determined. Based on this, gender-marked and gender-unmarked human images in the linguistic picture of the world are modeled, similarities and differences, the nature and orientation of these images are revealed, and the content specificity of gender contrasts (masculine and feminist characteristics) in the figurative fragment of the linguistic picture of the world is described. Based on the data obtained, it is possible to identify gender-significant features using gender metaphors.*

*Keywords: gender, gender linguistics, gender metaphor, conceptual metaphor, gender opposition, metaphorical model.*

## REFERENCES

- 1 Elubaj, A.M., Sarseke, G.A. (2024) *Kazak zhane turik makal-matelderindegi «ajel» konceptisin lingvomadeni zertteu aspektileri* [Aspects of linguocultural study of the concept of "woman" in Kazakh and Turkish Proverbs]. // SH. Ualihanov atyndagy KU habarshysy. Filologiya seriyasy. – 2023. – № 4. – B. 5-17. (In Kazakh)
- 2 *Slovar' gendernyh terminov / pod red. A.A. Denisovoj aspektileri* (2002) [Dictionary of gender terms / edited by A.A. Denisova], Moscow. (In Russian)
- 3 Kirilina, A. V. (1999) *Gender: lingvisticheskie aspekty* [Gender: lingvisticheskie aspekty], Moscow. (In Russian)
- 4 Lakoff, G., Johnson, M. (2003) *Metaphors we live by*, Chicago, 2003. (In English)
- 5 Rezanova, Z.I., Komissarova, O.V. (2012) *Metafora v modelirovanii gendernyh oppozicii: metodika analiza, tipologiya* [A metaphor in modeling gender opposition: methods of analysis, typology] // YAzyk i kul'tura. (In Russian)
- 6 *Kazak adebi tilinin sozdigi: 15 t.* (2011) [Dictionary of the Kazakh literary language: 15 vol.] Almaty. (In Kazakh)
- 7 Kazak tilinin ulttyk korpusy [National Corps of the Kazakh language] <https://qazcorpus.kz/> (10.10.2023). (In Kazakh)
- 8 Black, M. (1993) *Metaphor and thought* // In book: *More about metaphor*. – Cambridge: Cambridge University Press, 1993, P. 19-41. (In English)
- 9 Chudinov, A.P. (2001) *Rossiya v metaforicheskom zerkale: kognitivnoe issledovanie politicheskoy metafory (1991-2000): monografiya* [Russia in a Metaphorical Mirror: a Cognitive Study of Political Metaphor (1991-2000): monograph]. Ekaterinburg.
- 10 Shokym, G.T. et al. (2022) *Images of Man and Women in the mirror of gender metaphors* // Eurasian Journal of Applied Linguistics. – 2022. – Vol. 8, Issue 2. – P. 272-282. <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.911560> (In English)
- 11 Zhumasheva, K.B. et al. (2022) *Representation of Gender Metaphor in Lexicography as a Reflection of Culture* // International Journal of society, culture and language. – 2022. – Vol. 10, Issue 3. – P. 151-162. <http://dx.doi.org/10.22034/ijsc.2022.543085.2467> (In English)
- 12 Shokym, G.T. (2012) *Genderlik lingvistika negizderi* [Fundamentals of gender linguistics]. – Almaty: Ekonomika, 2012. – 190 b. (In Kazakh)